



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

обратными связями. Кроме того границы между фазами цикла достаточно условны. Так, постановка конкретных стратегических задач, безусловно, выигрывает от наличия концептуального видения перспектив бизнеса. С другой стороны, целеполагание и выбор стратегии в свою очередь стимулируют дальнейшее развитие концептуальных представлений (о месте фирмы в бизнесе, основных направлениях ее деятельности, принципиальных установках, стандартах поведения и пр.). Практический же опыт реализации стратегического плана может радикально изменить все составляющие последнего (и общую концепцию, и намеченные цели, и выбранные стратегии).

Список использованных источников

- 1 Каренов Р.С. Стратегический менеджмент. — Караганда: ИПЦ «Профобразование», 2010. — 112 с.
- 2 Гапоненко А.Л., Панкрухин А.П. Стратегическое управление: Учебник. — М.: Омега-Л, 2008. — 84 с.
- 3 Люкшинов А.Н. Стратегический менеджмент: Учеб. пособие. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010. — 126 с.
- 4 Забелин П.В., Моисеева Н.К. Основы стратегического управления: Учеб. пособие. — М.: Центр «Маркетинг», 2012. — 264 с.

УДК 338.436.33 (574)

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Астрахан Сымбат Заңғарқызы

sima_balapan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 4
курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – К.К.Хасенова

Агроөнеркәсіптік кешен ұлттық экономиканың үлкен экономикалық әлеуеті шоғырланған және қоғамның тіршілігі үшін маңызды өнімдер өндірілетін ең басты бөлігі болып табылады. Осы кешеннің шешуші шамада дамуы экономиканың барлық саласының жағдайын, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін анықтайды.

Кез келген ел бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін инновацияны қажет етеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, тұрақты экономикалық өсуге қазіргі ғылым мен техниканың жетістіктерін белсенді пайдалана отырып, инновацияның негізінде өсуге қол жеткізуге болады. Тек осы жағдайда ғана өнеркәсіптің тиімділігі, әлемдік және ішкі нарықта бәсекеге қабілетті өнім шығаруы жоғары болады. Жалпы АӨК саласында отандық белсенді-инновациялық кәсіпорындар көп емес. Сол себептен де Елбасы елдегі инновациялық белсенділіктің артуына, инновациялардың дамуына, инновациялық қызметке мемлекеттік қолдаудың көрсетілуіне баса назар аударып отыр [1].

Соңғы жылдардың агроөндірістік сектордағы әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау нәтижелері Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық өндірісінің қазіргі заманға сай емес, көбінесе тиімсіз, көп еңбек көлемін қажет ететін ұйымдастыру - басқару әдістері және формалары қолданылып келе жатқанын көрсетті. Агроөнеркәсіп кешеніндегі нақты сектор кәсіпорындары және инноватор арасында жаңалықтарды енгізу механизмі, ақпараттандыру жүйесі және ғылыми –техникалық ақпарат әлсіздігі себебінен реттелген және жаңалықты енгізу құрылымдарының сенімді өзара байланысы жетілмеген.

АӨК-дегі инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі инновацияларды игерудің тиімділігі төмен ұйымдастыру–экономикалық механизмімен де байланысты. Отандық

агроөнеркәсіп кешенінің проблемалары жан-жақты техниканың қазіргі заман талабына сай болмауынан бастап ауылдың әлеуметтік инфрақұрылым проблемаларына дейін шешімін толықтай таппай келе жатыр. Сонымен қатар, қазіргі кезде кәсіпорындарда өндірісті модернизациялауға қажетті қаржы жетіспеуде. Ал АӨК-нің ресурстарды өндіру саласы заман талабына сай келмейтін өндіріс құралдарын өндіруде, бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы және оған байланысты сақтау, өндеу салаларында қарапайым технологияларды пайдалануға мәжбүрлейді, нәтижесінде дүние жүзіндегі озық шаруашылықтарға қарағанда еңбек өнімділігінің едәуір төмендеуіне алып келеді. Бұл бағыттың аса маңыздылығына қарамастан, адами капиталдағы инновациялар өте баяу жүзеге асуда, бұл аграрлық өндірістің дамуын және ауыл аймақтарының өркендеуін тежейді.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациялардың болуының үш басты себептерін атап өтуге болады. Біріншіден, ЖШС-нің дайын өнімдеріне сұраныстың болмауы. Екіншіден, АӨК-дегі бизнесмендердің, әсіресе майда өндірушілердің жайбасарлығы. Тағы бір себебі, осы мәселелер бойынша билік пен бизнес арасында біріккен өзара әрекеттің болмауы [2].

Агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациялық процестерді кең ауқымды регионалды, салалық, функционалды, технологиялық және ұйымдастырушылық ерекшеліктермен сипаттауға болады. АӨК-дегі инновациялық дамуға әсерін тигізетін шарттар мен факторларды кері ықпал етуші (инновациялық дамудың барысын баяулататын) және оң ықпал етуші (инновациялық дамудың барысын жылдамдататын) деп бөлуге болады.

Кері ықпал ететін факторлар қатарына :

- АӨК-дегі инновацияларды енгізудің үлкен қауіпі;
- аграрлық ғылым потенциалының төмендеуі;
- аграрлық өндірістің күрделі құрамы;
- азық-түлік өнімдері импорттық үлесінің ұлғаюы;
- аграрлық сектор және сектордағы инновацияларды несиелеу жүйесінің дамымауы;
- агроөнеркәсіп секторындағы кадрлар құрамының инновациялық менеджмент саласында дайындығының төмен деңгейі.

- ауыл шаруашылығындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі;
- өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының сәйкессіздігі;
- инновациялық қызметтің мемлекеттік деңгейде басқару және реттеу жүйесінің жоқтығы;

- ауыл шаруашылығындағы монополизацияның күшеюі;
- мемлекеттік инновациялық стратегияның жоқтығы;
- ғылыми мекемелерінің жаңалықтарды енгізу құрылымдарымен өзара байланысының тиімсіздігі, ведомстволық бытыраңқылық;
- қаржыландырудың төмен деңгейін жатқызуға болады.

Ал, оң әсер ететін факторлар ретінде:

- ғылыми-білім беру базасы;
- ел ішіндегі және шетелдегі азық-түлік рыногының үлкен сыйымдылығы;
- жоғары сыйымдылықты азық-түлік рыногы;
- АӨК-де басқарудың әкімшілік-әміршілік әдістерінің жойылуы;
- АӨК-де ғылыми-білім беру потенциалының барысы;
- экологиялық таза, табиғи азық-түліктерді өндіру мүмкіндігі;
- шаруашылықтың түрлі формаларын енгізу мүмкіндіктері;
- экологиялық таза өнімдер өндіру саласында жаңа технологияларды жоспарлы түрде енгізу.

- АӨК-нің прогрессивті инновациялық дамуына циклын тигізетін маңызды факторлар- шаруашылықты нарықтық әдістермен жүргізу;

- елдегі табиғи ресурстардың жан-жақты қамтылған базасының болуын атап көрсетуге болады.

Табысты инновациялық даму қомақты мемлекеттік қолдаусыз және реттеусіз жүзеге

аспайды. Қазіргі кезеңдегі ұлттық шаруашылықты қайта қалыптастырудың басты мәселелерінің бірі – экономиканың агроөнеркәсіп саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды-инновациялық дамуға үлкен мән беру болып табылады. Осыған байланысты, агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамыту және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулер ерекше өзектілікке ие. Жалпы, агроөнеркәсіп кешенінде шаруашылық қызметтердің түрлерінің өзгеруі және инновацияны игеру, болашақта дамыту және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуді қажет етеді. Сонымен қоса, экономиканы инновациялық дамыту үшін де АӨК технологиялық дамыту саласындағы мемлекеттің барлық мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалану қажет.

Агроөнеркәсіп кешенінің дамуына қажетті шарттардың бірі – ғылыми-техникалық прогресс. Бұл үдеріс ғылым мен техника жетістіктерін игеру арқылы кеңейтілген ұдайы өндірісті жүргізуге мүмкіндік беретін инвестициялық-инновациялық үдерістерге негізделеді. Сонымен қатар, маман әлеуеті агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациядарды игерудің басты факторларының бірі болып саналады. Сондықтан, маман әлеуетін күшейтпестен ауыл шаруашылығы өндірісінде озық үлгідегі, ресурс үнемдеуші технологияларды ендіру мүмкін емес [3].

Агроөнеркәсіптік өндірісті қаржымен қамтамасыз етуде несиелік механизмнің орны бөлек екені мәлім. Соған қарамастан, осы күнге дейін экономиканың аграрлық секторындағы қаржы-экономикалық қатынас жүйесінде ауыл шаруашылығын несиелеу өзектілігін жоймай келеді. Ол ғылыми- әдістемелік тұрғыда негіздеуді және оны ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды қарастыруды талап етеді.

Қазақстанда бірегей ғылыми-өндірістік база мен жоғары білікті ғылыми мамандар жеткілікті, бірақ инновациялық дағдарыс жаңалықтарды ойлап табу мен шығару үдерісіндегі алға жылжудың қиыншылығы мемлекеттік реттеу мен басқару деңгейінің күрт төмендеуінен, қаржыландыру көздерінің жоқтығынан және зерттеу ұжымдары қызметінің дұрыс берілмеуінен туындап отырғанын байқауымызға болады.

Сондықтан да ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру ауыл шаруашылығындағы инновациялық әлеуетті қалыптастырумен жетілдірудің басым бағыттарының бірі болып отыр. Айта кететін болсақ, соңғы жылдары мұндай жұмыстар республикалық бюджеттен 40% шамамен, жергілікті өңірлік қаржылардан орташа есеппен 27% ғана, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ғылыми мекемелердің меншікті қаражатынан 32,8% мөлшерінде қаржыландырылды [4]. Ал ауыл шаруашылығына жұмсалатын мемлекеттік шығындар көлемі біршама жылдан бері жалпы ішкі өнімнің 0,25 пайызынан асқан емес. Біздің көзқарасымыз бойынша мұндай қаржы шамасы жеткілікті деуге болмайды.

Ал қазіргі таңда орын алып отырған банк несиелеріне қол жеткізудің күрделілігі жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің кең көлемде дамуы теориялық жағынан да, практикалық тұрғыда да мүмкін емес. Біздің ойымызша, жалпы, несие беруде қазіргі таңдалып алынған схема ауыл шаруашылығын дамыту операцияларын жүргізудің заманауи талаптарына жауап бере алмайды. Бұл схема, әсіресе, дәл бүгінгі таңда отандық ауыл шаруашылығы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қойған мәселе бойынша, Шығыс Еуропа елдерінің деңгейіне жетуге ұмтылуға бет бұрған кезде өзін ақтамайды. Шығыс Еуропа елдерінің ауыл шаруашылығын реформалау кезіндегі тәжірибесін еске алудың өзі жетіп жатыр. Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдерінен айырмашылығымыз, бізде күні бүгінге дейін республика аграрлық секторын мемлекеттік реттеудің күшті және белсенді саясаты қажет екендігін ҚР Үкіметі түсінбей келеді. Ауыл шаруашылығы халықаралық қаржы құрылымдарының айтуымен мемлекеттің монетарлық саясатының нысаны күйінде қалып отыр.

Осылай отандық ауыл шаруашылығының несие және инвестиция тартуға тартымдылығын қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналууда. Ал бұл проблеманы шешуді мемлекеттің белсенді түрде араласуынсыз бірде-бір ел шеше алмайды. Мемлекеттің аграрлық секторға несие-қаржы механизмі арқылы қолдау көрсетуге

ұмтылысында жүйелілік сипаттың жоқ болып тұрғаны да сол себепті. Өйткені оның көптеген элементтері заң жүзінде бекітілмеген, сондықтан да тауар өндірушілер үшін ол болашақтың айқын бағдары бола алмайды.

Сонымен бірге агроөнеркәсіп секторының нарықтық қатынастарға өтуі институттық ұйымдар құруды қажет етеді. Институттық ұйымдардың дамуы мен өркендеуі әр елде әр түрлі болғанымен, оның ауыл шаруашылығын қаржыландыру-несие беруде мемлекеттік реттеуді құрылымдауы, қызмет көрсетуі және басты бағыттары бірдей. Олардың жұмыстарының негізгі бағыттары – агроөнеркәсіптік секторын қаржыландыру- несие беру жүйесі, ішкі ауыл шаруашылығы рыногын, ауыл шаруашылығындағы өндірістік-құрылымдық қайта құрылуды реттеу.

Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен ел халқының өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен қамтамасыз етудегі, халықты жұмыспен қамтуды арттырудағы және республиканы экономикалық дамытудағы ауыл шаруашылығының рөлін Мемлекет Басшысы бірнеше рет, оның ішінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында атап өтті.

Инновацияларды қаржыландыру проблемасын вечурлық қорлар шеше алады – бұл қауіпі бар қаржыландырулармен айналысатын коммерциялық ұйымдар. Олар преспективалық инновациялық жобаларды іріктеп дамуына қажетті қаражатпен қамтамасыздандырады. Кәсіпорындар табыс ала бастаған кезде, қор табыстың бір бөлігін алады. Мұндай венчурлық кадрлардың бүкіл дүние жүзінде табысты жұмыс істеп жүргеніне бірталай уақыт бола бастады. Капиталдың бөлінуі көптеген потенциалды табысты жобаларды жүзеге асыра алады.

Қазіргі заманғы тез өзгередін жағдайда агроөнеркәсіптік кешенінің инновациялық дамуының ақпараттық компоненттерінің, ауылшаруашылық өндірушілерін аграрлық ғылымның жаңа жетістіктері туралы уақтылы сапалы хабарландырудың және нақты бір аумақта практика жүзінде оларды қолдану мүмкіндіктерінің мәні еселеп артуда.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, аграрлық саладағы жаңалықтардың таралуын АӨК басқару органдарымен, ғылыми және оқу орталықтарымен, тәжірибелі және озат шаруашылықтармен тығыз байланыстағы ауылшаруашылық кеңес беруінің аймақтық қызметтерін ұйымдастыру негізінде табысты жүзеге асады. Аграрлық кеңес беру қызметі жаңалықтарды нақты тауар өндірушіге белгілі бір ауыл аумағында жеткізетін, оның бәсекеге қабілеттілігін едәуір жоғарылатын АӨК-ні инновациялық жүйесінің байланыстырушы және тасымалдаушы буыны болып табылады.

Сонымен бірге бизнесинициативаны қолдау және иновациялық потенциалдың дамуын қамтамасыздандыру мақсатында аймақтық ауылшаруашылық кластерлерін құру тиімді болып табылады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, барлық кластерлер белгілі бір дәрежеде инновациялық процестердің жылдамдауына септігін тигізеді ал кейбіреулері осы мақсаттарды шешуге мамандандандырылады. Бұл үрдістің алғы шарттары – кластерлер жүйесі кәсіпорындардың интеграцияға және жаңалықтар енгізуге талпыныстарын арттырады.

Аграрлық секторда кластерлер жүйесі арқылы интеграцияны жүзеге асырудың да өз орны бар. Агроөндірістік кластерлер өз қызметін келесі үш қасиетіне негіздейді:

- географиялық локализация;
- сала кәсіпорындары арасындағы өзара байланыс;
- дайын өнім өндіруге арналған түрлі салалардың технологиялық өзара байланысы;

Өңдеу кәсіпорыны кластер орталығы болып табылады, оның айналасына стратегиялық серіктестік туралы шарттар негізінде инфрақұрылым ұйымдары, ауыл шаруашылық тауар өндірушілер бірігеді.

Агроөнеркәсіп кластерінің қалыптасуы келесі үш субъектінің бірінің ұсынуымен жүзеге асырылуы мүмкін:

- жергілікті билік органдары;
- ауылшаруашылық тауар өндіруші;
- өңдеу кәсіпорындары.

Бірлескен жобаларды жүзеге асыру арқылы орнаған қатысушылар арасындағы қажетті деңгейдегі сенім бүгінгі күні кластер құруға негіз болады.

Кәсіпорындардың бірігуіне бизнесті жүргізудің кластерлі әдістерін қамтамасыз ететін артықшылықтар әсерін тигізеді. Бұл, бірінші кезекте, дайын ауылшаруашылық өнімін тұтынушыға жеткізетін тиімді тізбекті құруға, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған бірлескен іс-әрекет.

Агробизнес жүйесіндегі кластарлік топтар барысының жағымды жақтары:

- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- ауылшаруашылық өңдеу кәсіпорындарының шикізат ресурстарына қолжетімділігі;
- келісулер бойынша қаржылық кепілділік;
- айналым шығындарын кеміту;
- ауыл шаруашылық өндірушілері үшін тиімді өткізу жүзеге асыру мүмкіншілігі;
- транзакциялық шығындарды және т.б. кеміту;

Бұдан басқа, агробизнес саласында кластерлерді дамытуға негізделген мемлекет саясаты ауылшаруашылық өндірісте бәсекеге қабілеттілікті арттыруға әкеледі.

АӨК-нің инновациялық дамуы аграрлық саясаттың тиімділігіне, оның тез өзгеретін жағдайларға бейімделуіне, аграрлық секторды ұлттық басымдылыққа айналдыру қабілетіне, азық-түлікті әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті қазақстандық экспорттың негізгі құрамдас бөлігі деңгейінде өндіру қабілеттілігіне байланысты.

Агроөнеркәсіптік кешен ақаулары болса да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді, яғни нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі байқалады, еңбек өнімділігі мен өндіргіштігі артуда, саланың негізгі қорларын жаңарту және инфрақұрылымын қалпына келтіру жүргізілуде, негізгі тамақ өнімдері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізілді, дәнді, майлы дақылдар, балық аулау өнімдері экспортының айтарлықтай өсуіне қол жеткізілді. Бірақ та мұнымен ғана шектелмей, келешекте ары қарай ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытуды жетілдіру бойынша инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзіндік құны төмен, жоғары сапалы өнім өндіру арқылы әлемде бәсекелестікте өз орнымызды ала отырып, жоғары нәтижелерге ие болсақ деймін.

Жалпы, менің бұл тақырыпты таңдауымның себебі мені ауыл шаруашылығының жағдайы мен тағдыры алаңдатады және қазіргі таңда нарықтық экономикада бұл өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы талдауда ауыл шаруашылығының проблемалары түгелдей дерлік шешіледі деп ойлау қате болар, бірақ қайтсе де шешу жолдарын іздестіру артық болмас.

Жоғарыда айтылғанның бәрі қосымша жұмыс орындарын ашатын, қоғамдық өнімнің мөлшерін арттыру арқылы халықтың материалдық және әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыратын әлеуметтік-экономикалық жүйені құруға көмегін тигізеді.

Қорыта келе, экономикалық тұрғыда еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына өту үшін жоғарғы технологиялы өнімдер нарығында бәсекеге түсе алатын жағдайға жетуіміз керек. Ауыл шаруашылық өндірісінің дифференциясы, күрделілігі және оның ерекшеліктері инновациялық процестердің басқару әдістерінің ерекшеліктерін, инновациялардың түрлі типтерінің барысын, инновацияларды талпындыруды мемлекет рөлінің артуын талап етеді. Сондықтан да, дұрыс таңдалған инновациялық саясат еліміздің индустриалды-инновациялық дамуының жетекші тізгіні ретінде болуы керек. Әрі ол отандық ғылыми сыйымды өндірісті дамыту мен бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканың негізгі құралы бола алады. Біздің ойымызша, Кедендік одақ АӨК саласына оң әсерін тигізеді. Бұл жалпы алғанда еліміздің экономикасының өсуіне де ықпал етеді.

Қолданылған әдебиет

1. «Қазақстанды жаңаша индустрияландыру: 2014 жылдың және бірінші

бесжылдықтың қорытындылары»// ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылғы жалпыұлттық телекөпірі

2. Джумадуллаев Б.Е. «Агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялық дамудың мәселелері мен перспективалық жоспары» // http://www.rusnauka.com/11_NPE_2014/Economics/12_165424.doc.htm

3. Токсанова А.Н. Финансирование инновационных проектов и методы их оценки. Конкурентоспособность экономики РК: состояние, проблемы и приоритеты развития. Материалы Международной научно-практической конференции. –Астана. 2005ж. – 307б.

4. Статистикалық жылнамалар/ҚР статистика жөніндегі Агенттігі.- Астана, 2011ж, 2012ж, 2013ж.

УДК 338.26(574)

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Айдархан Айдана Қанатқызы

Aika_aidana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті,
Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 3курс студенті
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Амренова Ғалия Қапбарқызы

Еліміз егемендік алған алғашқы күннен бастап мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің қазіргі заманғы тиімді жүйесін қалыптастыруға баса назар аудартады. Осы орайда елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы Үкімет алдына міндет етіп қойған әкімшілік реформасы республикамыздағы бүгінге дейін өзектілігімен танылып келе жатқан келелі өзгерістердің заңды жалғасы болып табылады. Ол ұзақ мерзімді «Қазақстан 2050» стратегиясында көрсетілген кәсіби мемлекет құру негізінде іске асырылмақ. Реформаға сәйкес, мемлекеттік органдар құрылымдарын жетілдіру, шенеуніктердің жұмыс сапасына баға беру негізінде олардың жалақыларын ұлғайту, мемлекеттік қызмет көрсетудің оң сапасына қол жеткізу, сыбайлас жемқорлықтың тынысын тарылту және басқа да маңызды шаралар Қазақстанның әлемдік бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің қатарына кіруіндегі басты өлшемдердің бірі болып қалмақ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылы жарияланған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біздің міндет — Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру, ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру» - деп айтып өткендей саяси сипаты бойынша да, әлеуметтік – экономикалық жағынан да мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудамыз. [2]

Мемлекеттің біртұтастығы мен қоғамның бірлігі – мемлекеттік басқару тиімділігінің нәтижесі, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізі және халықтың әл-ауқатын арттыру болып саналады. Ал бұдан билік пен басқаруды ұйымдастырудың жалпыжүйелік нысанының түпкі маңызы туындайды. Мемлекеттік басқару адамдардың әлеуметтік қызметін және соның негізінде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды білдіреді. Ол әлеуметтік ортада жүзеге асатындықтан оған қоғамның әлеуметтік құрылымының тигізетін ықпалы зор.

Мемлекеттік басқарудың тиімділік мәселесі қазіргі кездегі ғылым мен тәжірибенің басты назарындағы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге шетел және ТМД елдерінің ғалымдары да өздерінің ғылыми еңбектерін арнағаны белгілі. Мемлекеттік басқарудың тиімділігінің категориясы келесідей түсініктер арқылы анықталады: «қоғамдық